

АЛҚАЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

Айман Мырзалықызы Алдашева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор
aimank51@mail.ru

ТІЛДІК ТҰЛҒА VS ҒАЛЫМ ТҰЛҒАСЫ: ТАҢУ, АЖЫРАТУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

*Филология ғылымдарының докторы, профессор Шара
Мәжітаеваның 70 жасқа толуына орай*

Қазақ қоғамының жаңалықтар мен бетбұрыстарға толы қазіргі кезеңінде, рухани жаңғыру негізінде «ТҰЛҒА» ұғымы кеңінен қолданыла бастады, осылайша осы ұғымнан тарамдалатын және осы ұғыммен сабақтасатын «тұлғатану», «тілдік тұлға» түсініктерін тереңдете тану қажеттілігі байқалды. Бір-бірімен ұштасатын ғылымдар салаларында – әлеуметтік лингвистикада, мәдениеттануда, когнитивтік лингвистикада, тіл мәдениетінде, лингводидактикада тілдік тұлғаның ерекшеліктерін ашатын зерттеулер мол. Дегенмен коммуникация үдерісіне араласатын және сөйлеу / жазу барысында өзінің тіл туралы тәжірибесін, ұлт жөніндегі жалпы мағлұматын танытатын тілдік тұлғаға қатысты пікір айырмашылықтары да жоқ емес.

Мәселен, орыс тіл білімінде осы мәселеге тереңдеп барған ғалым В.Виноградов негізінен көркем шығарма авторы мен оның баяндау тәсілін, шығармадағы кейіпкерлерді сөйлету шеберлігін негізге алып, жазушыны «тілдік тұлға» деп таныған. Ғалымның пайымы «жазған мәтіндерінде белгілі бір ұлттың тіліне тән, ұлттың когнитивті санасын танытатын жүйелі құралдардың қандай деңгейде қолданылғанына талдау жасау арқылы анықталған адам» дегенге саяды. [1]. Кейініректе Ю.Караулов «тілдік тұлға» дегеннің өзі әлі танылмаған нысана дей отырып, бұл ұғымды екінші тілді меңгеру ісіне, тілді үйренетін адамға қатысты қарастырады [2].

Тағы бір еңбектерден кез келген адам тілдік тұлға бола алмайды және болуы міндетті де емес, демек, бірегей (идеалды) тілдік тұлғаны ажырата білуіміз керек [3], тілдік тұлға – әртүрлі құрылымдағы бірнеше тілді (кем дегенде үш тілді) коммуникативтік акті кезінде оңтайлы үйлестіріп қолданатын адам. Оның басты ерекшелігі – бірнеше тілдің когнитивтік, семантикалық, грамматикалық құрылымын контакт кезінде жоғары деңгейде басқара алады [4] деген тұжырымдарды кездестіреміз.

Дәлірек айтсақ, негізгі зерттеулерде қарым-қатынаста өзінің ана тілін бірінші тіл ретінде пайдаланатын адам, екінші тілді әртүрлі деңгейде меңгерген адам, бірнеше тілді меңгерген адам, көркем шығарманың авторы тілдік тұлға деп есептеледі. Келесі бір назар аудартарлық тұс – зерттеушілер тілдік тұлға феноменін анықтау үшін жазба мәтінді, яғни жазуға түскен тілді есепке алады. Демек, тілді білу, меңгеру деңгейі тілдік тұлғаны анықтаудың басты параметрі болып саналады.

Зерттеулерден туындайтын, назар аудартатын мәселенің екінші жағы – тілдік тұлға мәселесінің монотілді ортадағы сипатының таратылуы. Ал қазіргі Қазақ елі үштұғырлы тіл саясатын жүргізуді нысана еткен, көптілді қоғамдастық болғандықтан, тілдік тұлғаны тану мен ажыратудың басқа да бір межелерін нақтылау қажеттігі туындайды.

Алдымен *қазіргі Қазақстандағы қоғам мүшелерінің қазақ тілін білу деңгейлері қандай?* деген мәселеге аз-кем шолу жасалық.

Заңнамалық құжаттардағы мәліметтерге қарағанда, қазақ тілін білетіндердің деңгейі үш тармаққа таратылады: а) элитарлық (тілді барлық стильдерде ауызша және жазбаша нысанда жоғары деңгейде қолданатын тұлға); ә) орта (ауызекі стиль мен бір немесе бірнеше кітап стилін меңгерген тұлға); б) қарапайым (тілді ауызекі стильде ғана қолданатын тұлға). Яғни Қазақстанда қазақ тілінде сөйлейтіндердің 30%-ы қарапайым, 61–62%-ы – орта, ал 8–9%-ы – элитарлық тілдік тұлғалар екені анықталған [7].

Біріншіден, топтастырулардың қатарындағы *элитарлық деңгейге* енетін тіл қолданушылардың параметрлері біршама айқын. ал орта деңгейдегі адамдарға берілген «бір немесе бірнеше кітап стилін меңгерген тұлға» деген тұжырым дәлірек түсіндіруді қажет етеді, сондай-ақ соңғы топтағыларды «қазақ тілін екінші тіл ретінде қарапайым деңгейде үйренгендер» деп түсінуге тура

келеді. Бұл топтастырулар әлеуметтік лингвистика саласының аспектілері арқылы байыпты талдауды қажет етеді.

Тілдік тұлға болу үшін, тегінде, тілді ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі, феномені ретінде санасында бекемделген, өзінің санасында қазақ әлемінің тілдік бейнесі әбден орныққан және осы бекем орныққан құндылықтарды қазақ тілінің сөз байлығын жетік меңгеру, сөз саптамының биік деңгейі арқылы вербалдай алатын, өзінің тіл туралы және тілді меңгерген білім тәжірибесі арқылы тілді өміршендігін сақтауда жауапкершілікті сезінетін, тілді қоғам мүшелерінің санасы мен болмысын өзгерту үшін қолданатын, әрбір жағдаятқа сәйкес тіл қолданасының стратегия мен тактиканы толық игерген жеке тұлғаны атасақ керек. Қазіргі қоғамның ұстанымы – перспективалы тіл саясаты. Тілге қатысты стратегиялық бағыттардың алғашқы кезеңдерінде тілдің дамуы мен қолданысына қатысты «жоғарыдан төмен қарай» жұмыс атқарылғаны, яғни саяси элитаның жобалар, нұсқаулар, моделдер ұсынуы мен бекітуі арқылы жүргізілгені белгілі. Соңғы жылдары тіл проблемаларына қалың жұртшылық, мамандар белсенді атсалысып, «төменнен жоғарыға қарай» сатыда жүзеге асырыла бастады. Бұл бағыт қазақ тілінің жай-күйі, жаңа әліпби, жазу реформасына қатысты мәселелер туындап отырған қазіргі көптілді қоғамдастықтағы қазіргі кезеңде аса өзекті. Осы себепті бұл істе қазақ тілінде жазатын жазушы қауымы мен ғалымдардың, публицистердің, басқа да жазармандардың жауапкершілігі арта түседі. Осылайша біз өз тарапымыздан тек В. Виноградовтың, Ю. Карауловтың еңбектерінде айтылып, көркем әдебиет өкілдерін ғана қамтып келген, қалыптасқан тілдік тұлға ұғымына қазақ тілінде ғылыми, публицистикалық еңбектер жазатын, ғылыми баяндауларды ауызша жеткізетін ғылым мен көсемсөз өкілдерін де енгізуге болады деп санаймыз. Аталған топтардың тілдік қабаттарды қолдануындағы ерекшеліктерді, үлгі боларлық өзіндік қолданыстарды (ал үлгілер тілді байытады, тілдің қуатын танытады, өміршең екендігіне дәлел бола алады) тілдік норма, оның ішінде лингвостилистикалық норма аспектісінде талдау тілдік тұлғаның келбетін толық қалыптастыруға жол ашады.

Қазақстандағы тілдік тұлғаны танытатын параметрлердің бірін жеке адамның мемлекеттік тілді насихаттауға араласуы айқындайды. Тіл саясатының нәтижесінде бүгінгі таңға дейін қазақ тілі коммуникативтік қызметі жағынан стандарт тіл болып келді деген болжамымыз бар, енді алдағы кезеңдерде мемлекеттік тілді коммуникативтік-қуатты этносаралық (аймақтық) тіл деңгейіне жеткізу тіл саясатының имплицитті бағыттары болып отыр. Демек, бұл іске тікелей атсалысу, реттелуіне үлес қосу айқын да нақты тілдік тұлғаның міндеттерінің біріне айналуы тиіс. Алаш зиялыларының ұлт – қоғам – саясат – тіл – болашақ төрттігі мүддесінде атқарған қыруар істері оларды *біртуар элитарлық тұлғалар* биігіне көтеріп, есімдерін символға айналдырды, олардың қалдырған ізі мен ісі қоғам мүшелеріне үлгі болуға тиіс. Қоғам дамуының кейінгі кезеңдерінде осы төрттік үшін қызмет жасаған ғалымдардың, әсіресе тілші ғалымдардың легі мол.

Осы ретте қазақ тілін өз ана тілі деп санап, барлық дерлік коммуникативтік жағдаяттарда қазақ тілінде сөйлейтін / жазатын жеке адамды тілдік тұлға деп тану үшін тіл нормаларын білу деңгейінің таразысына салуға тура келеді. Өйткені тілді білу бар да, реттеуші, танытушы, мойындатушы функцияларына ие тіл нормаларын білу және жетік білу бар. Бұл – тілдік тұлғаны анықтайтын өлшемдердің бірі және негізгісі.

Тұлға ұғымы жалпы түсінік бойынша қоғамның, ұлттың дамуына еңбегі арқылы айрықша ықпал жасаған жеке адам дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан қарағанда, тілдік тұлға «тұлға» түсінігінің парадигмасына енеді. Қазақстан қоғамындағы тіл ахуалына байланысты тілдік тұлғаның өзін: а) бірегей тілдік тұлға, ә) негізгі ана тілі – қазақ тілі болып есептелетін тұлға; б) коммуникативті тұлға; в) кәсіби тілдік тұлға; г) контакт жасай алатын тілдік тұлға деп ажыратуға болады деген ойдамыз.

Бірегей тілдік тұлға – ана тілінде мәтін түзгенде тілдің барлық мүмкіндіктерін шебер және шығармашылықпен пайлана алатын жоғары қабілетке ие жеке адам. Ана тілін қолдану арқылы тілдің дамуына, насихатталуына, өміршеңдігіне үлес қосатын, ана тілін қолданған кезде тілдің барлық байлығын жетік меңгерген және оны коммуникативті жағдаятқа қарай шебер, шешен қолданатын, сөз саптауы, тіл байлығын қолдануы арқылы басқаларға үлгі бола алатын, сонымен қатар өз туындылары арқылы тіл проблемаларын насихаттап, оқырманының, тыңдарманының санасына әсер ете алатын, тілді қолдануынан «ұлттық самал» есіп тұратын адамды бірегей тілдік тұлға деп тануға болады. Тілдің сан қырын талдауға ғалым биігінен терең барған, өз идиолектісімен үлгі болған, жазу стилімен, шаршытоп алдында сөйлеу стилімен үлгі жасаған, қоғамдағы тіл ахуалына өз пікірін қосқан академик Рәбиға Сыздықты *бірегей элитарлық тұлға* деп бағалауға болады.

Академик Рәбиға Сыздық көркем әдеби шығармалардың көркемдік қыларын талдап, сөз зергері, сөз ұстасы, шеберлік шыңындағы жазушы деп сипаттаған қазақ қаламгерлері де *бірегей тілдік тұлғалар* ретінде танылады.

Коммуникативті тілдік тұлға: а) қазақ тілін ана тілі ретінде игерген адам, тұрмыстық ауызекі қарым-қатынаста ғана қолданатын, тілдің жоғары деңгейлік-сапалық, құрылымдық-нормалық сипаттарын білу жағынан білімдік-танымдық индексі шектеулі жеке адам; ә) қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерген адам. Қазақ тілін екінші тіл ретінде білетін адамның деңгейлері қарапайым, орта, базалық, ортадан, жоғары болатындықтан, екінші тіл иесі белгілі бір жағдаят төңірегінде ғана ақпарат беру, ақпарат алу процесіне қатысатын коммуникативті тұлға болып саналады.

Қазақ тілін А1- В 1 (қарапайым және базалық) деңгейлерінде білетін, тұрмыстық қарым-қатынаста ақпарат беру, ақпарат алу үшін білетін адам *контакт жасай алатын тілдік тұлға* қатарына енеді.

Көптеген зерттеулерден және қазіргі қазақстандық қоғамдастықтағы қазақ тілін білу деңгейлерінің сараптамаларынан байқалып отырғанындай, тілдік тұлға ұғымын ажыратып тануда ең алдымен жеке адамның тілді білуі жеткіліксіз, *ол тіл арқылы не істей алады* деген сауалға жауабын табу аса маңызды.

Сөз жоқ, қазақ қоғамында тілге, тіл арқылы елге қызмет еткен біртуар элитарлық тұлғалар аз емес. Сонымен қатар оңтайлы тіл стратегиясының жоспарлы іс-шараларының нәтижесінде тілді меңгеру жағынан коммуникативтік тілдік тұлға, контакт жасай алатын тілдік тұлға қатарлары да ұлғайып келеді. Дегенмен бұл арада тағы да бір анықтап алатын жайт – тіл арқылы ғылым жазатын ғылымды дамытатын ғалымдар шоғырының тұлғалық бейнесінің күрделі екендігі.

В. фон Гумбольдт еңбектеріндегі «тілдің түптамыры мен ұлттық рух біте қайнасып, ұлттық рух тілге күшті ықпал жасаса, тілдің заңдылықтары да дұрыс болып шығады, әрі тіл дамиды. Тіл қарым-қатынастың сыртқы көрінісі, қоғамдық қарым-қатынастардың жәрдемшісі болмауы керек. Тіл жеке адамның өзіндік бітім-болмысын танытып тұрса ғана ұлттық тұтастықтың (ұлттық сананы деп түсінеміз – А.А.) ажырамас бір бөлігі болып саналады» [6, 45–48; 68–69] деген тұжырым ғылым саласы өкілдерінің тұлғалық бейнесін анықтайтын, танытатын параметрлерге негіз болады деп ойлаймыз.

Мәселен, Тілші ғалымдар:

- ұлт тілін қастерлеп, тілге қызмет етеді; тіл ғылымын дамытады;
- тілді насихаттайды; тіл саясатына қатысты мәселелерге араласады; пікір қалыптастырады;
- тілдің өміршендігі үшін: білім береді; кадрлар даярлайды;
- өз еңбектері арқылы қазақ тілінің байлығын насихаттайды, танытады, үлгі береді; тілдің табиғи заңдылықтары мен нормаларының сақталуына саналы көзқарас қалыптастырады.

Осындай іс атқарып жүрген тілші ғалымдардың қатарында, *ғылыми ортада кәсіби элитарлық тілдік тұлға ретінде танылған* белгілі ғалым Шара Мәжітайқызы да бар.

Ол:

- ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдеби тілінің күй-қалпын, көркем әдебиет, баспасөз, ғылыми және ресми стиль мәтіндердегі сөзқолданыс үлгілерінің ұлт мәдениетінің маңызды бөлігі екендігін әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан зерттеп, қазақ әдеби тілінің тарихын тиянақты түрде танытуға үлес қосқан ғалым;

- қазіргі тіл саясаты мәселелеріне тікелей араласып, әсіресе қазақ тілінің ғылыми стиль, ресми-іскери стиль тармақтарының қазақ тіліндегі стильдік сипаттарын зерттеу арқылы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын ұлғайту жолдарын дамытуға үлес қосып келе жатқан белгілі маман;

- ғылым мен білім беруді ұштастыра отырып, өз мектебін қалыптастырған, жас ұрпаққа білім дәнін сепкен аса тәжірибелі ұстаз;

- тіл тарихы, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік және салыстырмалы лингвистика, тілдік коммуникация, тілді оқытудың теориясы мен практикасы жөнінде құнды еңбектер жазған білікті маман;

- адами, зиятты, білімді келбеті арқылы жас буынға үлгі боларлық бір буынның лайықты өкілі.

Академик Рәбиға Сыздықтың Қарағанды университетінде ғылымның дамуына зор үлесі бар. Апай Шара ханымның да ғылым жолының қалыптасуына демеу жасады, қолдау көрсетті. Алдағы жылдарда амандықпен, Шара ардақты ұстаз тәрізді қажырлы, қайратты болып, жағандану мен ұлттану тайталасқа түскен қазіргі кезеңде қазақ тілінің өміршеңдігі жолында әлі де талмай еңбек етеріне сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Виноградов В.В. О языке художественной прозы // Избранные труды. – М.: Наука, 1980. – 360 с.
- 2 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Изд. 7-е. – М.: Издательство ЛКИ, 2010. – 264 с.
- 3 Богин Г. Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов: автореф. дис. ... докт. филол. наук. – Калинин: КГУ, 1986. – 147 с.
- 4 Азарова Л.Е. Специфика языковой личности нового типа // Материалы Международной конференции «Русский язык в языковом и культурном пространстве Европы и мира: человек, сознание, коммуникация, интернет». – 2013. - с. 173–177.
- 5 Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген. – Электронды ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
- 6 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2000. – 400 с.

Жамал Айтқалиқызы Манкеева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

КӨРКЕМДІК ДИСКУРС ТАНУДЫҢ АНТРОПОӨЗЕКТІК УӘЖДІЛІГІ

Қазақ тілінің тарихи-семантикалық, жүйелі-құрылымдық сипаты мен қолданыстық қызметіне негізделген коммуникативті-прагматикалық мәселелерінің өзекті түйінін шешу үдерісі тіл білімінің парадигмасында антропоэктік қағиданың басымдылығын көрсетіп отыр.

Атап айтқанда, бұл қағиданың басты ұстанымы – бір-бірімен іштей тығыз байланысты тілдің екі қызметін (коммуникативтік және танымдық) терең ашып, қазіргі тіл білімін заман талаптарына сай жаңа сапалы деңгейге көтеру.

Дәстүрлі зерттеулерде тіл құрылымы мен жүйесіне, оның қызметіне мән берілсе, қазіргі зерттеулерде тіл арқылы адам (тіл иесі) болмысына, әрекетіне т.б. басты назар аударылады. Соған орай, бұл бағытты жүзеге асыратын ғылыми парадигманың мынадай теориялық-әдіснамалық негіздерін көрсетуге болады: мәтін прагматикасы (газет тілі, көркем мәтін т.б.), дискурс, «тілдік тұлға», когнитивтік лингвистика, «ғаламның тілдік бейнесі» т.б. теориялар.

Осымен байланысты сөз әлеуетінің ерекше көрініс табатын деңгейі – көркем мәтін тілі. Оның мазмұнында объективті шындықтан алынған ақпарат тілдік тұлғаның ішкі әлемінде қайта өңделіп жасалған субъективті шындық бейнеленеді.

Бұл арада сөз шындық дүниедегі зат, ия құбылыстың т.б. тура таңбасы емес, тікелей бейнесі емес. Ол – белгілі бір ұлттық ұжымның танымында (эпостық жырларда, фразеологиялық, паремиологиялық жүйеде, прецеденттік қолданыстарда т.б.) немесе тілдік тұлғаның (жыраулар, ақын-жазушылар, көсемсөз иелері т.б.) тілдік санасында дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс тәжірибесінің нәтижесінде туған шығармашылық бейнесі.

Олай болса, мәтіннің көркем-танымдық әлемін жеке адам жасайтындықтан, онда антропологиялық бастау анықталады. Сондықтан қаламгер құрған «ғаламның тілдік бейнесі» оны жасаушының (автордың) рухани әлеміне ұқсас және сәйкес болып құрылуы заңды құбылыс.

Соған орай кез келген автор шығармасында өзіне тән дискурстың қалыптасуына ықпал ететін, ең алдымен, оның көркем тұлғалық антропологиясы (тегі, тәрбиесі, білімі, біліктілігі, мінезі, өскен ортасы т.б.). Мәтінде жазу үстіндегі автордың психологиясы, сезім күйі, көзқарасы негізінде туындаған идеясы т.б. жағдайлар сөз иесінің шеберлігіне сай таңба түсіреді.

Сондықтан Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Х.Нұрмұқанов, Б.Шалабай, А.Әділова сынды ғалымдар көркем мәтіндегі сөз әлеуеті мен құдіретін зерттеу барысында сөз қолданысы тілдік жүйемен шектелмей, оны тіл иесінің (автордың) адам танымдық, тұлғалық ерекшелігімен ұштастырып, антропоэктік уәжділік негізінде талдайды.

Көріп отырғанымыздай, мәтін – жеке тілдік тұлғаның шығармашылығының тілдік санасында биологиялық, әлеуметтік және мәдени тұтасудың тіл арқылы бейнеленіп, оқырманмен (адресатпен) коммуникативтік әрекетінің көрінісі. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» романындағы Мүсірепов дискурсы – соғыс туралы автор танымын, қазақ қаламгері танымын сипаттайтын тілдік тұлғаның ойы, қиялы, ғалам туралы өзінің біртұтас тұжырымы. Ал, оның тілдік бейнесі қазақ оқушысына етене таныс ұлттық-ассоциативтік парадигма негізінде берілген: *күміс қаршыға; көкжалдың үйіріндей жөңкіліп; көк қырғи; сасық күзендей т.б.*